

АНАТПОД

Анасторий
Таңбай

1990 жылдың
наурызбың 22-сінен
бастап шығады

Медианарық сырын менгерген маман еді



Қыдырәлі Қойтайдың есімі қазақ журналистикасына етене таныс. Ол «Анатолі» газеті мен «Ақиқат» журналында жемісті қызмет істеді. Аға буын ретінде жас үрпаққа журналистиканың қыр-сырын үйретті. Қашан көрсөң, ақжарылқап көңілмен жүретін Қыдырәлі Исалыұлы тоқсаныншы жылдары нарықтық қатынас өмірімізге деңдеп енгенде, «Бас қатырғыш» атты газет шығарды. Оқырман қауым «Бас қатырғыштан» сөзжұмбак, крассворд пен сканвордтардың түйінін шешті. Басқа басылымдарда да аталған жанрды дамытуға бастамашы болды. Қыдырәлі Исалыұлы сондай-ақ, балаларға арналған «Алақай-Балақай» журналын да шығарды. Медианарықтың қыр-сырын ерте менгерген Қыдырәлі аға осылай журналистикада өз жолын қалыптастырып кетті.

Баспасөздің белгілі майталманы өмірден өтсе де, жарқын бейнесі әріптестерінің жүргегінде ұзақ сақталады. Жаткан жерінің жарық болсын!

РЕДАКЦИЯДАН: «Қазақ газеттері» ЖШС-іне қарасты басылымдар ұжымы Қыдырәлі Қойтайдың отбасына, туған-туыстарына қайғырып, көңіл айтады.

КӨҢІЛП ДАРХАН, ПЕЙІЛП КЕҢ БОЛАТЫН

Бертінде бір серіктестікте «Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журналын белгілі қаламгер, саясаттанушы-ғалым Жұмабек Кенжалин басқарып тұрғанда, Қыдекенмен біраз жыл бір редакцияда қызметтес те болдық. Ағамыз соның алдында ғана астанамыз Арқаға көшірілгенде, «Егемен Қазақстан» газетінің редакциясымен бірге сол жаққа кетіп, сондағы елдің бас газетінің редакциясында да біраз уақыт қызмет етіпті. Енді мұндағы біз: «Өй, Қыдеке, өзгелері сол жаққа бара алмай журсе, сіздің бұныңыз қалай?!» – деп таңырқай қалсақ, ол біртүрлі ынғайсызданғандай болып: «Осы жақты кимадым ғой!.. Алматымды қайта-қайта сағына бердім!..» – деген еді-ау. Қыдыкең өзінің өнерлілігін, шығармашылықтағы шеберлігін осы бір жылдарда «Ақиқат» журналында тағы да әр қырынан көрсетіп, оқырмандары

көп, елдің әр қызына, шалғайдағы әр облыс, әр қала, әр аудан, ауылдарға дейін баратын, көбінесе ұстаздар, студенттер, окушылар, қарапайым тұрғындар жергілікті кітапханалардан алып оқитын, әрі зиялыштырып, берер тәрбиесі, өнегесі мол басылымды өзінің беттерінде шығып жатқан әртүрлі жанрлардағы материалдардың табиғатына сәйкес, ажарландырып, жұтындырып, осыншама құлпыртып шығаруға бар күш-жігерін жұмсағандығына осы жүрген біздің өзіміз де, сол кездегі оқырмандарымыз да, басшыларымыз да куәгер еді.

«Қазақ газеттерін» белгілі жазушы, талантты журналист, ұзақ жылдар бойына «Ана тілі» ұлт апталық газетін үлкен шеберлікпен басқарған казақ баспасөзінің қара нары Мереке Құлкенов басқарып отырған кезде, серіктестікке қаасты газет-журналдардың редакцияларында шығармашылық мәселесіне ерекше мән берілді. Жазбасқа, сол қызу шығармашылық үдесінен шықпасына да болмайтын! Редакциямызда әрбір жаңа сандарымыз шыққан сайын, ілездеме де уақытылы өткізіліп тұратын. Кейінгі жылдары көп редакциялар уақыт үнемдейміз деп, сөл ұмытыңқырап кетіп, атақты Шерағаң, Шерхан Мұртаза ағамыз айтқандай, «Бір кем дүниеге» ұрынып қалып жургендердіктері болмаса, жалпы ілездеме деген өз шығармашылық ортасына, өз оқырмандары мен өз басылымдарының келешегіне бейжай қарай алмайтын кез келген мерзімдік басылымның да нағыз бір жанды жері еді ғой! Сондай лездемелерде Қыдекен өзінің журналистикадағы бай іс-тәжірибесін, әрі көп білетіндігін, әрі өзі қызмет етіп, талайдан бері бір пұшпағын илесіп журген басылымына деген бір үлкен жанашырлығын танытып, үнемі сөз сөйлеп, өзгелермен бірге, өзіміздің де талайғы материалдарымыздың әрбір жылт етіп, көзге түсे қалғандай жақсылықтарын одан сайын жарқырата көрсетіп, сені де ынталандырып, жігерінді жани түскендей болатындықтары ше?! Сондайда Қыдекенің әлгіндей шабыттана айтқан сөздерін төрде отырған Жұкең де, осы басылымды ұзақ жылдар бойына басқарып, сол Жұкең мен Қыдекенің өздеріне де ұлағатты ұстаз-тәлімгер бола білген Сарбас аға Ақтаев та бөлмей, ұйып тындаламайтын ба еді?! Ал, редакциямыздың қызметкери Айгүл сондағы оның аузынан шыққан әрбір сөзді де қалдырмай, хаттап, мұқият жазып отыратын.

Қыдекен кезінде университетте Жүрекенмен қатарлас оқып, бұрын да бір басылымдарда бірге қызметтес болғасын ба екен, екеуі үнемі әңгімелері жарасып, аралас-құраластықтары да бір сейілмеген еді. Қыдекен зейнетке де өзінің «Ақиқатында» қызмет жасап жүргенде шықты. Оның өзі: «Мен оқушыларға, студенттерге, жалпы жастар тәрбиесіне арналған біраз шағын газет-журналдардың бастарын біріктірген бір серіктестік құрып едім. Маған енді сондағы жұмыс та жетеді ғой», – деп, үлкен ризашылықпен кетіп, бертінге дейін редакциямызға келіп-кетіп, хал-жай сұрасып та жүрген еді. Қадірменді Қыдырәлі ағаның жаны жәннатта, топырағы торқа болсын деймін!

Серікқали Хасан